

Қараегін ауылындағы көше атауын өзгерту туралы

Ақмола облысы Қорғалжын ауданы Сабынды ауылдық округі әкімінің 2010 жылғы 3 мамырдағы № 5 шешімі. Ақмола облысы Қорғалжын ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 7 маусымда № 1-15-149 тіркелді

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабының 2 тармағына, «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14 бабының 4 тармағына және жергілікті халықтың пікірін ескере отырып, Сабынды ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Қараегін ауылындағы Новая көшесі Сайлау Қыстаубайұлы атындағы көшесіне өзгертілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім Қорғалжын ауданының әділет басқармасында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ауыл округінің әкімі

Ф.Р.Жумабаева

«Келісілді»

«Қорғалжын ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі»

мемлекеттік мекемесінің бастығы

Г.К.Сыздықова